



«Арқалық қаласындағы облыстық
№2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі

Қазақстан халқы Ассамблеясы: бірлік пен тұрақтылықтың 30 жылы

Библиографиялық көрсеткіш



Арқалық, 2025

*«Арқалық қаласындағы облыстық
№2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі*

Қазақстан халқы Ассамблеясы: бірлік пен тұрақтылықтың 30 жылы

(библиографиялық көрсеткіш)

ӘОЖ 316.347.
КБЖ 66.3 (5 Қаз)
Қ 18

Құрастырушы: М. Г. Жумағалиева
Шығарылымға жауапты: Ж.К. Абжанова
Мұқабаны безендірген: М. Г. Жумағалиева
Редактор: С.А. Алматова

(Қазақстан халқы Ассамблеясына 30 жыл толуына арналған) :
Библиографиялық көрсеткіш /Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап
ғылыми кітапханасы, Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі ;
[құраст.; М. Г. Жумағалиева; шығарылымға жауапты: Ж.К. Абжанова; ред.
С.А. Алматова]. – Арқалық : [б.б.], 2025. 20 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі Қазақстан халқы
Ассамблеясына 30 жыл толуына арналған көрсеткіш дайындады.
Көрсеткіште Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы, дамуы,оның мақсаты
мен міндеті,атқаратын қызметі жайында мағлұматтар мен Қазақстанда тұратын
түрлі этнос өкілдерінің суреттері, т.б. берілген.

ӘОЖ 316.347.
КБЖ 66.3 (5 Қаз)
Қ 18

Құрастырушыдан

Біздің еліміз үшін ең құнды, ең асыл дүниелер ол - татулық, бірлік, келісім. Мемлекеттілігіміздің басты негізі – халқымыздың бірлігі.

Бүгінде Қазақстан халқын бір атаның балаларындай еліміздің өркениетті даму жолындағы игілікті іске жұмылдырып отырған - Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа ұйыстырып, елімізде тұрақтылықты сақтау мен оның дамуына аса зор үлес қосып келеді.

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл. Бұл ұйым 1995 жылы құрылып, елдегі түрлі этностар мен мәдениеттердің ынтымақтастығын, бірлігін нығайтуға бағытталған маңызды институтқа айналды. Оның басты мақсаты – елімізде барлық этностар мен ұлттардың тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, қоғамдық келісімді қолдау және мәдени көптүрлілікті сақтау. Қазақстан халқы Ассамблеясының тарихы - достық, жасампаздық және даму тарихы.

Осы бір маңызы зор іс-шара жайында дайындалған жинаққа Ассамблеяның құрылуы мен оның дамуы және мақсат-міндеттерімен ол туралы шыққан заңнан қысқаша мағлұматтар беріліп, мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалар мен жинақтар және кітаптардың суреттері, сонымен қатар, ол туралы мәліметтер мен есімдердің алфавиттік көрсеткіші енгізілген.

Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл

Биыл – Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл. Бұл ұйым 1995 жылы құрылып, елдегі түрлі этностар мен мәдениеттердің ынтымақтастығын, бірлігін нығайтуға бағытталған маңызды институтқа айналды. Оның басты мақсаты – елімізде барлық этностар мен ұлттардың тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, қоғамдық келісімді қолдау және мәдени көптүрлілікті сақтау. Осы мерейтой аясында елде түрлі мәдени іс-шаралар мен форумдар ұйымдастырылмақ.



Алғашында оның мәртебесі Президент жанындағы консультативті-кеңесші орган болып бекітілді. Десе де Ассамблея аталған мәртебеден де мықты құқықтық негізі мен қоғамдық-саяси мәртебесі бар конституциялық органға дейін өсті. Мемлекет басшысы Ассамблея ұсынған Парламент Сенатының

5 депутатын тағайындайды. Ел аумағында мыңнан астам этномәдени бірлестіктер, аналар кеңесі және ақсақалдар кеңесі жұмыс істейді. Одан бөлек, Президент тапсырмасымен құрылған «Ассамблея жастары» бірлестігі мен медиация кеңесі белсенді жұмыс істейді. Өңірлерде ашылған Достық үйлері де этномәдени бірлестіктердің ғана емес, жергілікті қауымдастықтың, үкіметтік емес ұйымдар мен жастардың ортасына айналды. Еліміздің барлық өңірлерінде ҚХА Журналистер клубы және этникалық БАҚ жұмыс істейді.

Жиырма жылдық тарихында Ассамблея қарқынды дамып, елеулі өзгерістерді бастан кешірді. Оның дамуы барысында Н.Назарбаевтың этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі қалыптасты. Осы жылдар ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының институционалдық құрылымы нығайып, қоғамды ұйыстырушы әлеуеті толысты, ол халық дипломатиясының маңызды күретамырына айналды. Бүгінде Ассамблея ел Президенті Төрағалық ететін конституциялық орган болып табылады. Бұл оның ерекше мәртебесін айқындайды.



Ассамблеяның қызметі

Бұл бірегей институт еліміздегі барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа ұйыстыра отырып, республикадағы тұрақтылықты сақтау мен ел дамуының мақсатына айтулы үлес қосып келеді.

Ассамблея қызметінің арқасында Қазақстанда этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан әрбір азаматтың Конституциямен кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен еркіндігі толығымен қолданылатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты. Қазақстанның көпэтностық бай кеңістігінде сенім, келісім мен өзара түсіністік үлгісі орнады. Бүгінде республикада Қазақстан этностарының мәдениеттері, тілдері, дәстүрлерінің дамуына қажетті барлық жағдай жасалған. Этномәдени бірлестіктердің өзінің саны тұрақты өсуде. Қазақ және орыс театрларын қоспағанда елімізде тағы төрт ұлттық – өзбек, ұйғыр, корей және неміс театрлары жұмыс істейді. Әр жыл сайын Қазақстан этностарының тілдерінде бірнеше ондаған жаңа кітаптар жарық көреді. Жыл сайынға халықтық мерекелер Наурыз, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, масленица, сабантой дәстүрге айналды.

Егер мемлекеттің қалыптасу кезеңінде басты міндет этносаралық төзімділік пен қоғамдық келісім негізінде қоғамды ұйыстыру болса, ел дамуының жаңа кезеңінде, стратегиялық басымдық ретінде, қоғамның барлық азаматтары мойындаған ортақ құндылықтар мен қағидаттар жүйесіне негізделген ұлт бірлігіне жету болып табылады. Сондықтан 2010 жылы сәуірде

азаматтық қоғам мен мемлекеттік институттардың, азаматтардың сындарлы ұсыныстарын жинақтаған Қазақстанның ел бірлігі доктринасы қабылданды. Қазақстанның ел бірлігі доктринасы – халықтың, уақыт талабына сәйкес, бірігу қажеттігін түсінуіне негіз. Бұл – бізді қандай күш біріктіреді және біртұтас етеді - соны түсінудің тәсілі. Бұл – болашаққа бірігіп ұмтылудың серпіні.

Ассамблея туралы Заң

2008 жылғы 20 қазанда Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңына қол қойылды. Осы заң этносаралық қатынастар саласындағы негізгі принциптерді айқындай отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен оның құрылымдарының мәртебесін заң деңгейінде бекітті. Этносаралық қатынастар субъектілерінің жұмысының елімізде жүргізіліп келе жатқан саяси бағытпен үндес жаңа жүйесін қалыптастырды.

Заң Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Заңға сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясы ол – заңды тұлға құрылмай, Қазақстан Республикасының Президенті құратын, мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және іске асыруға ықпал ететін мекеме.

Ассамблеяның мақсаты қазақ халқының топтастырушы ролін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық азаматтық бірегейлікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде Қазақстан Республикасында этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады.

Ассамблеяның негізгі міндеттері

- Этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- Халық бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негізін қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту;
- Қоғамдағы экстремизмнің және радикализмнің көріністері мен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қысым жасауға бағытталған әрекеттерге қарсы тұруда мемлекеттік органдарға жәрдемдесу;
- Азаматтардың демократиялық нормаларға сүйенетін саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыру;
- Ассамблеяның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін біріктіруді қамтамасыз ету;

- Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін, тілдері мен дәстүрлерін өркендету, сақтау және дамыту болып табылады.

Ақпарат және мәдениет министрлігінің мәлімдеуінше, Ассамблеяның 30 жылдығын мерекелеу аясында елімізде және шетелде түрлі форматтағы 150-ден астам іс-шара ұйымдастыру және кемінде 1,5 млн адамды қамту жоспарланып отыр.



Ассамблея туралы

Қазақстан халқы Ассамблеясы - 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган ретінде құрылды.

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылына арналған Қазақстан халқының бірінші форумында жариялады.

Аталған бастама мәдениет аралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінің негізін қалап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі тың бағыт болып табылды.

15 жылдың ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының институционалдық құрылымы нығайып, қоғамды ұйыстырушы әлеуеті толысты, ол халық дипломатиясының маңызды күретамырына айналды.

2008 жылғы 20 қазанда Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңына қол қойылды. Осы заң этносаралық қатынастар саласындағы негізгі принциптерді айқындай отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен оның құрылымдарының мәртебесін заң деңгейінде бекітті. Ұлтаралық қатынастар субъектілерінің жұмысының елімізде жүргізіліп келе жатқан саяси бағытпен үндес жаңа жүйесін қалыптастырды.

Заң Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Заңға сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясы ол – заңды тұлға құрылмай, Қазақстан Республикасының Президенті құратын, мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және іске асыруға ықпал ететін мекеме.

Ассамблеяның мақсаты қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық азаматтық бірегейлікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде Қазақстан Республикасында этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Ассамблеяны құрады және қайта ұйымдастырады, Ассамблея қызметінің бағыттарын айқындайды, Ассамблея басшылығының лауазымды адамдарын қызметке тағайындайды; Ассамблея Кеңесін шақырады; басқа да қызметтерді Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне — Елбасына Қазақстан халқы Ассамблеясын өмір бойы басқару құқығы тиесілі.

Ассамблеяның құрылымын Ассамблея Сессиясы, Ассамблея Кеңесі, Ассамблея Хатшылығы, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ассамблеялары құрайды.

Ассамблея Сессиясы – Ассамблея мүшелерінің жиналысы Ассамблеяның жоғары басқарушы органы болып табылады. Сессияны Қазақстан Республикасының Президенті қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет шақырады. Кезекті Сессияны шақыру туралы өкім кезекті Сессияның еткізілетін күні, орны және күн тәртібі көрсетіліп, ол басталғанға дейін отыз күннен кешіктірілмей қабылданады, бұл туралы ресми бұқаралық ақпарат құралдарында хабарланады. Кезектен тыс Сессия Ассамблея Төрағасының, Ассамблея Кеңесінің бастамасы бойынша немесе Ассамблея мүшелері жалпы санының кемінде үштен бірінің өтініші бойынша шақырылады және оны өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде өткізіледі.

Сессиялар аралығындағы кезеңде Ассамблеяны басқаруды Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен құрылатын Ассамблея Кеңесі жүзеге асырады. Кеңестің құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмыс органы оның Хатшылығы дербес құрылымдық бөлім ретінде Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрамына кіреді.

Ассамблеяның және облыстар (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ассамблеяларының құрамы - этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестік өкілдерінің, мемлекеттік органдар өкілдерінің және олардың қоғамдағы беделі ескеріле отырып Қазақстан Республикасы азаматтарының қатарынан қалыптастырылады. Қазіргі уақытта Ассамблеясының құрамында 382 мүше бар.

Ассамблеяға мүшелікке кандидатуралар облыстардың этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктерінің ұсыныстары негізінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ассамблеялары сессияларының шешімі бойынша, сондай ақ республикалық, өңірлік этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктердің жоғары органдарының шешімі бойынша ұсынылады.

Еліміздегі барлық этностың басын біріктіретін бірегей құрылым тұрақтылықты сақтап, республиканың ілгерілей дамуы үшін маңызды роль атқарды. Қазақстан халқы Ассамблеясы бүкіл әлемге Қазақстанның этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған саясатының табысты екенін паш етіп келеді.

Жалпы алғанда негізінен Ассамблея жұмысының арқасында біздің елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей моделі, әрбір азамат этникалық және діни ерекшелігіне қарамастан Конституцияда кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен бостандықтарын толық пайдалана алатындай ерекше сенім, ынтымақ, өзара түсініктік ахуалы қалыптасты. Ассамблея тарихында 15 сессия өткізіліп, онда қоғам өмірінің маңызды мәселелері мен мемлекет дамуының негізгі бағыттар талқыланды.

Бүгінде республикада Қазақстан этностарының мәдениеттері, тілдері, дәстүрлерінің дамуына қажетті барлық жағдай жасалған. Этномәдени бірлестіктердің өзінің саны тұрақты өсуде, қазір олар 800-ден асады, оның ішінде 28-і республикалық. 15 тілде газет-журнал, 8 тілде радиобағдарламалар 7 тілде телебағдарламалар шығады. Білім беру толықтай өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізілетін 88 мектеп жұмыс істейді. 108 мектепте 22 этностың тілі жеке пән ретінде жүргізіледі. Осымен қатар, балалардан басқа үлкендер де 30 этнос тілдерін оқуға мүмкіндік алған 195 этно-білім беру кешендері, жексенбілік және лингвистикалық мектептер ашылды. Қазақ және орыс театрларын қоспағанда елімізде тағы төрт ұлттық – өзбек, ұйғыр, кәріс және неміс театрлары жұмыс істейді.

Әр жыл сайын Қазақстан этностарының тілдерінде бірнеше ондаған жаңа кітаптар жарық көреді. Жыл сайынға халықтық мерекелер Наурыз, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, масленица, сабантой дәстүрге айналды.

Ассамблея қызметі этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешіп келе жатқан ел ретінде Қазақстан Республикасының халықаралық беделінің өсуіне ықпал етуде.



Ассамблея мерзімді басылымдарда

1. Айқадамова, Айтолқын. Ұлтаралық келісім тірегі [Мәтін] : 2015 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы / А. Айқадамова // Қостанай таңы. - 2014. - 3 қыркүйек. - Б. 4.
2. Алдабергенов, А. Қазақстан Республикасы Парламентіндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдігі [Мәтін] : [Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің түрлі аспектілерін зерттеуде жаңа ғылыми көзқарас] / А. Алдабергенов // Әділ сот. - 2009. - № 6. -35-37 б..
3. Алекина, Айгүл. Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдағы рөлі [Мәтін] / А. Алекина // Қостанай таңы. - ("Қостанай ақшамы" танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). - 2015. - 3 шілде. - Б. 15.
4. Амантай, Айгерім. «Ассамблея жастарының» атқарар ісі мол [Мәтін] : [Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қостанай облыстық өкілдігінің жетекшесі Руслан Мырзағалиевпен сұхбат] / А. Амантай ; суреттерді ұсынған Р. Мырзағалиев // Қостанай-АГРО. - 2024. – 18 сәуір. – Б. 5..
5. Аналар кеңесінің жаңа жобасы [Мәтін] / «Егемен-ақпарат» // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2022. – 30 наурыз. – Б. 2. - ISSN 1999-9720.
6. Арсенұлы, Жангелді. Елбасы қалаған ұлтаралық ынтымақтастық [Мәтін] / Ж. Арсенұлы // Қостанай таңы. - 2017. - 28 ақпан. - Б. 5.
7. Асанкелдіұлы, Абай. Ассамблея атынан тоғыз депутат сайланды [Мәтін] : [Қазақстан халқы Ассамблеясынан ұсынылған ҚР-ның Праламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVIII сессиясы өтті] / А. Асанкелдіұлы ; сурет Президенттің баспасөз қызметінен алынды ; сурет Елбасының баспасөз қызметінен алынды // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2021. – 12 қаңтар. – Б. 1, 2. - ISSN 1999-9720.
8. Асанкелдіұлы, Абай. Ассамблея жастары реформаны қолдайды [Мәтін] : [5 маусым – республикалық референдум] / А. Асанкелдіұлы // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2022. – 19 мамыр. – Б. 3. - ISSN 1999-9720.
9. Асқар, Арнұр. Ассамблея Кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті [Мәтін] / А. Асқар ; суретті түсірген Ерлан Омаров // Егемен Қазақстан. - 2017. - 26 сәуір. - Б. 3.
10. «Ассамблея – бірліктің бірегей моделі» [Мәтін] : [саясаттанушы Сайфулла Сапановпен сұхбат] / әңгімелескен Зейін Ерғали // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2024. – 18 мамыр. – Б. 6. - ISSN 1999-9720..
11. Ассамблея – ортақ міндет [Мәтін] : [ТМД Парламентаралық Ассамблеясының отырысы] / «Егемен-ақпарат» // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2022. – 31 қазан. – Б. 2. - ISSN 1999-9720.

12. Ассамблея жолы - ақиқат жолы [Мәтін] : Қазақстан түріктері этномәдени бірлестігі төрағасының орынбасары Қазақбай Қасымовпен әңгіме / әңгімелескен Қорғанбек Аманжол // Егемен Қазақстан. - 2015. - 6 ақпан. - Б. 3. - ISSN 1999-9720.
13. Ассамблея Кеңесінің кеңейтілген отырысы [Мәтін] / [газ. ред.] // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2019. – 29 сәуір. – Б. 5. - ISSN 1999-9720.
14. Ассамблея қызметіне ризашылық білдірді [Мәтін] : [ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары Жансейіт Түймебаевті қабылдады] / Президенттің баспасөз қызметі // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2019. – 19 маусым. – Б. 1. - ISSN 1999-9720.
15. Ассамблея төрағасын қабылдады [Мәтін] : [бейбітшілік жолындағы ынтымақтастық кеңесі] // Егемен Қазақстан. - 2011. - 30 маусым. - 2 б..
16. Ассамблеядан – Арқалыққа көмек [Мәтін] : [көпбалалы ана Қазова Айман Қадырханқызы төрт бөлмелі пәтерге ие болды] / "АХ" // Арқалық хабары. - 2024. – 5 шілде. – Б. 3.
17. Ассамблеяның жұмыстары туралы баяндады [Мәтін] : [Мемлекет басшысы Қ.-Ж. Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары М. Әзілхановты қабылдады] / Президенттің баспасөз қызметі // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2021. – 5 мамыр. – Б. 1. - ISSN 1999-9720.
18. Ассамблеяның негізгі басымдықтары [Мәтін] : [Қостанай облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының XXX сессия атап өтті] / бетті дайындаған Маржан Алпыс ; суретті түсірген автор // Қостанай-АГРО. - 2022. – 19 мамыр. – Б. 4..
19. Аязбеков, Жанұзақ. Мызғымас бірлік, сарқылмас береке [Мәтін] / Ж. Аязбеков // Қостанай таңы. - 2019. – 3 мамыр. – Б. 1–4..
20. Әділжан, Бану. Қасым-Жомарт Тоқаев: Бірлік пен ынтымақтастық – ешқашан ескірмейтін құндылық [Мәтін] : [Мемлекет басшысы Қ.-Ж. Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясы өтті] / Б. Әділжан // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2024. – 26 сәуір. – Б. 1, 2–3. - ISSN 1999-9720.
21. Әлімақын, Дүйсенәлі. Жас ғалымдар клубының айрықша бастамасы [Мәтін] : [Қазақстан халқы Ассамблеясының Ғылыми-сарапшылық кеңесінің отырысы өтті] / Д. Әлімақын // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2024. – 8 қараша. – Б. 8. - ISSN 1999-9720.
22. Бірлік бар жерде тірлік бар [Мәтін] : [Н. Назарбаевтің Қазақстан халқы Ассамблеясының ХІҮ сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі] // Дала мен қала. - 2008. - № 44 (30 қазан). - 5 б..

23. Бірліктің, татулық пен келісімнің 30 жылы [Мәтін] : [Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIX сессиясы өтті] / ақпарат egemen.kz сайтынан алынды // Қостанай таңы. - 2021. – 30 сәуір. – Б. 1, 4..
24. Балаева, Аида. Мемлекеттің басты құндылығы [Мәтін] : [бірқатар өңірдегі су тасқынына байласнысты Президент Қ.-Ж. Тоқаев Ассамблеяның кезекті отырысын онлайн форматта өткізуге шешім қабылдады] / А. Балаева // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2024. – 27 сәуір. – Б. 3. - ISSN 1999-9720.
25. Балтабаева, Ажар. АССАМБЛЕЯ - бірлік тұғыры [Мәтін] : [Қостанай облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының құрылу тарихы] / А. Балтабаева // Қостанай таңы. - 2018. - 24 қаңтар. - Б. 5.
26. Жарқынбаева, Роза. Ассамблеяның мақсаты - мызғымас татулық [Мәтін] / Р. Жарқынбаева // Қостанай таңы. - 2015. - 11 наурыз. - Б. 8.
27. Жолжан, Гүлнар. Ассамблеяның жаңа кезеңі [Мәтін] : [Қазақстан халқы Ассамблеясы] / Г. Жолжан // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2023. – 29 наурыз. – Б. 6. - ISSN 1999-9720.
28. Жүсіпбек, Жандос. Бірлік – бұзылмас қамал, руханият – мызғымас тірек [Мәтін] : [Қостанайда «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атаумен облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясы өтті] / Ж. Жүсіпбек ; суреттерді түсірген – Бердіболат Көркембаев // Қостанай таңы. - 2024. – 19 маусым. – Б. 5..
29. Жүсіпбек, Жандос. Мерейтойлық марапат [Мәтін] : [Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 25 жыл] / Ж. Жүсіпбек ; суретті түсірген Бердіболат Көркембаев // Қостанай таңы. - 2020. – 16 қыркүйек. – Б. 3..
30. Кәпқызы, Есенгүл. Ассамблея кімнің сөзін сөйлейді? [Мәтін] : [Қазақстан халқы Ассамблеясының мәжілісі] / Е. Кәпқызы // Түркістан. - 2009. - № 4 (қаңтар). - 1 б..
31. Кәрібай, Мұхтар. Қазақ елі - халықаралық қоғамдастықтың белсенді мүшесі [Мәтін] : БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 61 - ші сессиясында сөйлеген сөзі / М. Кәрібай // Егемен Қазақстан. - 2006. - 27 қыркүйек. - 1 б..
32. Самрат, Жақсыбай. Алшаң бас, Ассамблея жылы! [Мәтін] / Ж. Самрат // Егемен Қазақстан. - 2015. - 6 ақпан. - Б. 1, 5. - ISSN 1999-9720.
33. Самрат, Жақсыбай. Ассамблея - қазақтың кешеден бүгінге жеткен мейірімі [Мәтін] / Ж. Самрат // Егемен Қазақстан. - 2017. - 10 сәуір. - Б. 1, 3.
34. Серікжанұлы, А. Қазақстан халқы ассамблеясы [Мәтін] : [Астана - бірлік пен ынтымақ қаласы] / А. Серікжанұлы ; Абзал Серікжанұлы // Астана. - 2008. - № 3. - 5 б..

35. Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдағы рөлі [Мәтін] /Алекина// Қостанай таңы. – («Қостанай ақшамы» танымдық –тағылымдық, көңілашар қосымшасы) . – 2015. – 3 шілде. – Б. 15
36. Ибраева, Ардақ Қадыржанқызы. Ассамблея жылы – Қазақ елінің бірлігі жылы [Мәтін] : [жас жеткіншектерге еліміздің Елбасының Жолдауымен таныстыру] / А.Қ. Ибраева //Мектептегі мерекелер. – 2015. – № 3. – Б. 3 – 4. – ISSN 1998 – 6726
37. Ыбырай, Әлібек. Бір шаңырақ астында [Мәтін] : [Қазақстан – көп ұлтты мемлекет] / Ә.Ыбырай // Қостанай таңы. – 2018. – 27 сәуір. – Б. 1 – 2.
38. Ынтымаққа ұйытқан ұйым [Мәтін] : [Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары – хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбаймен сұхбат] / әңгімелескен Нұрбол Әлдібаев // Егемен Қазақстан. – 2015. – 6 ақпан. – Б. 5. – ISSN 1990-9720

Ассамблея кітаптарда





Есімдердің алфавиттік көрсеткіші

1. Айқадамова А. 1.
2. Алдабергенов А. 2.
3. Алекина А. 3, 35
4. Алпыс М. 18
5. Амантай А. 4
6. Аманжол Қ. 12
7. Арсенұлы Ж. 6
8. Асанкелдіұлы А. 7, 8
9. Асқар А. 9
10. Аязбеков Ж. 19
11. Әділжан Б. 20
12. Әлдібаев Н. 38
13. Әлімақын Д. 21
14. Балаева А. 24
15. Балтабаева А. 25
16. Ерғали З. 10
17. Жарқынбаева Р. 26
18. Жолжан Г. 27
19. Жүсіпбек Ж. 28
20. Ибраева А. 36
21. Кәпқызы Е. 30
22. Кәрібай М. 31
23. Самрат Ж. 32, 33
24. Серікжанұлы А. 34
25. Ыбырай Ә. 37

Мазмұны

1. Құрастырушыдан.....	5
2. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл.....	6
3. Ассамблеяның қызметі.....	7-8
4. Ассамблея туралы заң.....	8
5. Ассамблеяның негізгі міндеттері.....	8-9
6. Ассамблея туралы.....	9-12
7. Ассамблея мерзімді басылымдарда.....	13-16
8. Мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалардан.....	17
9. Ассамблея кітаптарда.....	18-19
10.Есімдердің алфавиттік көрсеткіші.....	20

Шығ. жауапты: Ж.К. Абжанова
Құрастырушы: М.Г.Жумагалиева
Редакторы: С.А.Алматова

Басуға 20.03.2025ж. қол қойылды.
Қаріп түрі: Times New Roman.
Басылымның көлемі: 5
Таралымы: 3

**Арқалық қаласындағы
облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ**

110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы.

Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.

E – mail:arkounb@mail.ru

